

Д. ИСАБЕКОВ ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ ТРАГИЗМ

Д. Исабеков шығармаларына тән бір өзгешелік – қарапайымдылықпен, күлкімен, уытты тілмен қатар трагедиялық оқиғалардың орын алуы.

Д. Исабеков шығармашылығында өлім белгілі бір дәрежеде кездесіп отырады. «Гауһартас» повесіндегі қазақ қызына тән барлық асыл қасиеттерді бойына жинақтай білген Салтанаттың қаза табуы оқырман жүрегін жаралайтыны сөзсіз. *«Ауыр толғаққа Салтанаттың жүрегі шыдамай қайтыс болды. Мен ертіп келген Раушан да оған ештеңемен көмек бере алмады. Ауруханадан шыққанда жай толғақ болар деп қамсыз шыққан қыз, мұнда келген соң Салтанаттың жүрек ауруы бар екенін біліп, сабырынан мүлде айырылды. Жедел көмекпен әлсіреп жатқан адамды ауруханаға апару да көзсіздік. Әйтсе де қарап отырып көз алдындағы адамнан айырылып қалмау үшін тәуекелге бел буып, менімен сөйлесіп болған соң мәшинеге мінгізбек болған кезде... Бірақ, тағдыр өз дегенін орындап, Салтанаттың сөзін аяқтатуға да уақыт бермеді...»* [1, 1т, 224]. Сұлу бейнесімен, назды да әсем қылығымен, сазды әнімен, ойнақы да жайдары мінезімен Б. Майлинше «Салтанат десе, Салтанат еді-ау» деп ая ұрарға тұрарлық аяулы жанның өмірден өтуі шығарманың өн бойынан өрілген адалдық пен тазалықтың жер бетіне сыймай кеткенінің куәсі. *«Бұл қабірде өршіл мақсат пен үлкен арман иесі жатыр, бұл қабірде өмірге келе алмаған жас сәбидің анасы жатыр, бұл қабірде қадіріне жете алмаған Ыбыштың адал жары жатыр. Бұл қабірде ешқашан айтылмаған менің аяулы махаббатым жатыр. Қош, Салтанат»* [2,

1т, 226]. Салтанат өлімі «қолда барда алтынның қадірі жоқ» деген халқымыздың қасиетті қағидасын еске салады. Өмір бар да, күнделікті қым-қуыт тіршілік бар да адамдардың бір-бірінің бағасына жетпейтіні – мынау қысқа ғұмырдың ащы шындығы.

Адам баласындағы күлкіге қарама қарсы эмоциялық күй – жылау. Жазушы өз туындыларында осы процестің түрлі сипаты арқылы да кейіпкерінің жан түкпіріндегі елеулі жайттарды жарыққа шығара біледі Сондай-ақ «Тіршілік» повесіндегі жылаудың түрліше сипатын (еңіреп жылау, зарлап жылау, дауыстап жылау) беру арқылы оқиғаның бояуын қалыңдатып, жалпы жұрт-шылықтың ішкі күйін танытады. Үнсіз жылаудың өзін жеке мен көптің басынан өткеру арқылы шебер пайдаланады. Жапан далада жалғыздықпен бетпебет қалған Қыжымкүлдің хал-күйі оқырман аяушылығын тудырады. *«Кешелі бергі жылағаны қазандағы арық еттің көбігіндей жеңіл екен, өткен оқиға мен бұдан былайғы ғұмырына ой жіберіп, дәрменсіз, шарасыз халде төншен қазіргі жасы құманның суы сарқылғанына қайнаған сыныптай ауыр да таза, қабырғаны ерітіп, жүректі жарып шыққан удай ащы шын жас еді»* [1, 339] әсіресе, өлім үстіндегі қатты жылауға тыйым салатын халықтың дәстүрін жазушы аса бір сезім-талдықпен шығарма өзегіне шебер қиюластырған. Баланы көргенде өзін-өзі ұстай алмай *«о, қу құдай, о қу құдай»* деп еңіреп жіберді. *Көз жастары күректегі топыраққа тамып, іштей тынып жүрген өзге де әйелдер бар екен, «дауыс салуға болмайды» деген қатал үкімді бір сәтке естен шығарып, әлгі әйелден соң іле-шала*

«қош, пақыр, қош!» деп бір үн шығарып алды да, опасыз тіршіліктегі бейшара пендешілік естеріне түсіп, еріндерін тістеп-тістеп қойды [1, 341]. Іштегі ауыр күй-зелістен қыстығып жылаған жандардың еріксіз дауыс шығаруларының өзін бейнелей отырып болған оқиға мен өмір заңдылықтарының ара салмағына мән берілген.

– Солай болсын! – деді үзілді-кесілді.

Бұл әмір әлгінде бір айтылған-ды, бірақ өзгелер шу дегеннен қостап кете алмай үнсіз қалған соң әйелдер жағы осы үнсіздіктен «е, құдайлап» іштей үміт күтіп еді, «солай болсын!» деген берік байлам тілек пен үміт атаулының жібін сілтеген қылыштай бір-ақ кескенде, олар үзік-үзік сыңсып сала берді. Әдепкіде өздері-ақ қояр деген оймен Дәулетбай бұл сыңсуға көңіл аудармаған боп еді, әйелдер жағы еркінсіп, дауыстарын сәндей бастады.

– Тоқтат! – деді Дәулетбай гүрзімен соққандай дүрс еткізіп. Әйелдер даусы пышақ кескендей тыйылды.

Суреткердің халықтық салт-дәстүрлерді жаңғырту арқылы ұлттық дүниетанымның озық тұстарының мәнін аша түсетін жағын ұтқыр пайдалануы жылау арқылы шындықты, ішкі ойды бүкпесіз айтып тастаған әйел сөзінен танылады.

– Бәйбіше... жеңгей, сабыр етіңіз, сабыр етіңіз...

– Біреу үшін жаның шұрқырап отқа күйіп бара жатса қалай сабыр етесің! Іштен шыққан өз перзентін өзі қаңғыртып!.. О, жасаған, о. Жасаған! Бүгінгі тапқаным тамағымнан өтіп бара жатқанда ертеңгіміді ойлайтын мына мен, мына жыртық балақ жесір мен де бес баламның жолында құрбандыққа дайынмын. Солардың көрген түсінің өзі жәнді болса екен деп тілеймін. Құдай-ау, бұ жұрт мейірімнен жұрдай ғып жаратқан соң атқа шіреніп мінгізіп, шырт түкірткенің бар болсын. О, жасаға-ан, дәулетімді алсаң ал, мейірімімді ала көрме, мейірімімді ала көрме, тәңірім...

Автордың «Тағдырдың кейбір кездері» әңгімесіндегі Жәдігердің қазасын алайық. Шығарма басталғанда Жәдігердің ауруханада жатқаны баяндалады. Оның ауруханаға түсуі былай беріледі:

«Демалыс күні болатын. Бұлар бірнеше жігіт көриі колхозға қыдырып барып, кәдімгідей «көңіл көтерген» болатын. Сол колхоздағы бір жолдастары «Беларусь» айдайтын. Ішкілік таусылған соң бәрі – бес жігіт бір тракторға отырып алып, қырдағы магазинге барған. Лайсаң болатын. Қайтып келе жатып «Беларусь» жолдан тайып, жана-

майлап барды да, бір жағына жантая кетті... мұның төрт қабырғасы, оң жақ бұғанасы сынды. Аш ішекке екі жерден зақым келген... «Арақ ішіп жүріп тапқан жарақат». Дәрігерлер осылай қорытынды шығарды. Қатал қорытынды» [2 т, 441]. Бұл үзіндіні оқып, Жәдігерді араққа салынған адам деп ойлауыңыз әбден мүмкін. Бірақ бұлай емес. Әңгімеде оның он төрт жыл бойы баспаханада адал еңбек еткені, арақты сирек ішкені баяндалады. Жалпы адамзат пиғылының арамданып, кісіге жақсылық жасаудан қалыс қалып бара жатқанын сезіп, ішің ашиды:

«...Рульде отырғандықтан, қылығы қылмыспен пара-пар деген айып та тағыла жаздап, ісін сот-қа бермей, үлкен жақсылық жасалды. Ауруханада жатқан күндері үшін оған бір тиын да ақша төленбейтін болды» [2 т, 442]. Міне, үш баланың әкесі қаза табады. Әлемдік әдебиеттегі «кішкентай адам» бейнесінің нақ көрінісі саналатын Жәдігер бейнесі осынысымен жүрегіңізді ауыртады: «Жәдігер үшеуін көтеріп орнынан тұрды да, өзіне қарсы келе жатқан көңілді топқа қарай күлімсіреп жүре берді. Сол кезде оның ішкі дүниесі тыз ете қалды. Лездің арасында көз алды қарауытып сала берді... Жәдігер жолда қайтыс болды» [1 т, 443 б.].

Жазушының «Сүйекші» повесі де аянышты. Тоғыз жасында әкесі қолынан жетектеп әкеп, бір байдың үйіне аманатқа тастап кеткен Тұңғыштың өмірі қайғы-қасіретке толы.

«...Өмекей оны сергітпек боп шығынан түртіп қалғанда Тұңғыш аттан гүрс етіп құлап түсті.

– Әй... өй, саған не болған? – Ол қарғып түсіп сүйекшінің басын көтерді.

Сол кезде оның аларған жансыз көзін көріп, жуған шүберектей боп-боз болып, орнынан қалшылдай көтерілді... Алыстан кеп қалар деп күттіретін ағайын – туысы жоқ Тұңғыштың сүйегін ауыл кісілері ертесіне сәске шығарды. Оның өліміне ешкім жылаған жоқ. Өмірге өзі қалай тыныш келсе, солай ың-шыңсыз тыныш кетті. Тек қабіріне топырақ үйіп болғанда күтпеген жерден Өмекей гана өкіріп жылады. Оның неге бұлай жылағанын былайғы жұрт түсінген жоқ» [2 т, 271]. Бұл өлім тек сүйекшінің ың-шыңсыз өмірден кетуімен емес, оның осындай жағдайға душар еткен жандардың өз істері алдындағы ар жазасымен анықталады. Бұл қайғының бәріне кім кінәлі? Әрине, адам бойындағы қызғаншақтық, зұлымдық, мейірімсіздік кінәлі. Неге адамдар бір-біріне сонша мейірімсіз, сонша қатыгез? Бұл сауал тек «Сүйек-шіде» ғана емес, Дулат Исабеков шы-

ғармаларының барлығында дерлік ұдайы қойылып отырады. «Гауһартастағы» Ыбыштың өз жары Салтанатқа деген жібiмес қаталдығы, «Тiршiлiктегi» туған перзентi Қыжымкүлдi тағдыр тәлкегiне ұшырағаны аз болғандай өз қолынан қаңғыртып жiберген әке қатыгездiгiнiң тамыры қайда жатыр? Оның нәтижесi бейкүнә Салтанаттың мезгiлсiз қазасы, Тұңғыштың аянышты өлiмi, Жәдiгердiң апаты, Қыжымкүлдiң сұрқай тiршiлiгi, оның iштен шыққан перзентiнен қалған ұрпақты бiр көре алмай көз жұмуымен аяқталады. Салтанаттың қыршынынан үзiлуi Қайрекеннiң өз-өзiн, қоршаған ортаны түсiнуге, адамдар арасындағы қиын да шешiлмес жұмбағы мол қарым-қатынасты пайымдауға деген алғашқы қадамына негiз болғаны анық.

Өлiм қаламгердiң туындыларында тек белгiлi бiр кейiпкердiң өз өмiр сүруiн тоқтатуын ғана бейнелеп қоймайды, ол әртүрлi мағыналық жүк көтерiп тұрады. Өмiрмен қош айтысу, өлу шығарманың құрылымында басты рөл атқарады. Сондықтан да оның шығармаларындағы кейiпкер өлiмi – жеке адамның өмiрден кетуi емес, бүкiл-халықтық ұлттық драма. Кейiпкер өлiмiне жүрегi шымырлай отырып, оқырман адамдар арасындағы жатбауыр қарым-қатынас, мейiрiмсiздiк, тiптi керек десеңiз қатал салт-дәстүр туралы ойға тереңдейтiнiңiз хақ. Дарабоз дарын Дулат Исабеков тұжырымынша:

Өлiге иман, тiрiге мал керек. Өлi мен тiрiнiң арасында бес кетпен ғана топырақ. Сол топырақ көзге құйылмай тұрғанда өлiм дегенге ешкiм сенбейдi. Бұ дүниеден кәрi де кетiп жатыр, жас та кетiп жатыр, бүгiнгi тiрiнiң ертең марқұм боп, аласұрған әрекетiнiң бәрi әдiре қалғанын жұрт көрiп жүр, бiлiп жүр, сонда да барға қанағат тұтып, атақ пен байлыққа, жалған намысқа көзi тойған емес.

Жалпы жазушы шығармаларының қай-қайсысында көңiлi тоқ, өз өмiрiне риза кейiпкер жоқтың қасы. Оның «Сүйекшi», «Тiршiлiк», «Дермене» повестерiнде өмiрлерi кара күшке, әлеуметтiк жағдайға тәуелдiкпен өткен адамдардың күресi суреттеледi. Жазушының «Тiршiлiк» кiтабына енген шығармаларының «негiзгi пафосы – трагизм», – деп өте орынды атап көрсеттi сыншығалым Р. Нұрғалиев. Адамдар тағдырындағы трагизм – «кiшкентай адам» өмiрiндегi арман- мұрат пен кеш-

кен ғұмыр арасындағы сәйкессiздiк, адам билiгiнен шығып кететiн түрлi оқиғалар, адам баласының «жатыр түнек пен көр түнек» арасында шырқырап жүрiп бастан өткеретiн азабы – әдебиеттiң негiзгi сюжетi болса, бұл сюжеттi өз шығармашылығының өзегiне айналдыру жазушының жазушысының қолынан келер шаруа. Жазушы туындыларында оқиғалардың өзi типтiк емес жағдайлардан туындайды, яғни кездейсоқ ситуациялардан дамиды. Алайда трагизмге апаратын жол тек бұл емес қой. Жалпы жазушы трагизмiнiң негiзi неде? Оның кейiпкерлерiнiң көбi азап шегiп жүредi, жеңiлiс тауып, қайғы құшып жатады. Бiрақ зерделей келсек, шығармаларында жақсылық, iзгiлiк атаулы көбiне бойкүйездiк, зорлық-зомбылықтан жеңiлiс тауып жатса да жазушы үшiн табан асты жекпе-жек жеңiстен көрi адам баласының рухани iшкi жеңiсi қымбат. Бұл тұрғыдан алғанда оның кейiпкерлерi өздерiнiң рух мықтылығымен ерекшеленедi. «Дерменедегi» Омаш, «Тiршi-лiктегi» Дәулетбай, «Сүйекшiдегi» Үкiтайдың ақыр соңында жеңiлiс тауып жататыны кездейсоқ емес. Осы ретте Д. Исабеков шығармаларының негiзгi өзегi – өз өмiрiндi барынша мағыналы өткiзу екенiн аңғарасыз.

Жинақтай келгенде айтарымыз: әдебиеттiң негiзгi объектiсi – адам болмысының сан қырлы құпиясын ашуда қарымды қаламгер психологизм үрдiсiнiң өзiне тән айшықтарын қалыптастырған. Шығармашылық жолы көркемөнерге қасаң талаптар қойылған тұста дамып, өркендегенмен өз заманынан оқ бойы озық тұрудың әдiсiн тапқан суреткер кейiпкер жан дүниесiне үнiлудiң жалпы адамзаттың өркениет қалыптастырған iзгi дәстүрлерiн ұстанған.

ӘДЕБИЕТ

1. *Исабеков Д.* Екi томдық таңдамалы шығармалар. Алматы: Жазушы, 1993 жыл.
2. *Рахымжанов Т.* Романның көркемдiк әлемi. Алматы: Рауан, 1997.
3. *Таханов.* Принципы раскрытия художественного характера в современной казахской прозе. Алматы, 1998.